



**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ  
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

**Астана 2018**

## **МАЗМҰНЫ**

<b>Кіріспе</b>	<b>3</b>
<b>Жаһандық үрдістерді талдау</b>	<b>4</b>
<b>Міндеттер мен жоспарлар</b>	<b>5</b>
<b>Ағымдық жағдайды талдау</b>	<b>6</b>
<b>Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер және күтілетін нәтижелер</b>	<b>13</b>
<b>Қорытынды</b>	<b>25</b>

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1996 жылы негізі қаланған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – ғылыми, әлеуметтік-мәдени және білім беру орталығы ретінде танылып отыр. Бұл бірегей жоғары оқу орнының бой көтеруі Еуразиялық одақ идеясынан туындаған, ал бүгінгі таңда Еуразиялық білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар университеттің негізі еуразияшылдық идеясының жүзеге асуының бастауы болды.

Бүгінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (бұдан әрі – ЕҰУ) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес ерекше мәртебеге ие жоғары оқу орны, сонымен қатар халықаралық беделі де жоғары; білім беру үдерісінің инновациялық технологияларын жүзеге асыра отырып, үздік ғылыми дәстүрлерді жалғастыруда.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына (бұдан әрі – ЕҰУ даму стратегиясы) толықтырулар енгізу қажеттілігі Президенттің Қазақстан халқына жолдауларында «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» көрсетілген тұтас елдің және білім беру жүйесінің дамуындағы жаңа басымдықтарға, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – ББҒДМБ) жаңа редакцияда шығуына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына байланысты анықталды.

Сонымен қатар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы «Ғылым туралы», «Білім туралы», «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру туралы» заңдарға негізделеді.

Сонымен қатар Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің отандық жүйесін дамытуға өз үлесін қосуға;
- білім беру және ғылым саласында ҚР БҒМ ережелері мен нормативтік-құқықтық құжаттарды жүзеге асыруға;
- жоғары білім беру саласында ұлттық дәстүр мен халықаралық талаптарға сүйенуге;
- республикада көшбасшы, еуразиялық кеңістікте жетекші және халықаралық рейтингте беделді орындарға ие болуға;
- білім беру саласындағы халықаралық келісімдерді жүзеге асыруға белсенділік таныта отырып, ЕҰУ-нің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына толықтырулар енгізді.

## ЖАҒАНДЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ТАЛДАУ

XXI ғасырдағы білім беру кез келген қоғам мен мемлекет дамуының маңызды стратегиялық ресурстарының бірі, бұл ретте жаһандану, аймақтандыру және интернационалдандыру мемлекет пен білім берудің әлемдік жүйесі дамуының көкейкесті үрдістерінің бірі болып табылады. Жалпы, *жаһандану* феномені экономикаға, саясатқа, мәдениетке, бұқаралық ақпарат құралдарына әсерін тигізе отырып, білім беруге, оның ішінде жоғары білім беру жүйесіне де елеулі ықпал етеді. Бұл жағдай ЕҰУ-нің даму стратегиясында ескерілді, себебі университет өзін мамандарды кәсіби даярлау мен ғылыми зерттеу саласында халықаралық әріптестікке бағыт алатын зерттеу университеті ретінде қарастырады. Сондай-ақ жаһандану үдерісі білім беру жүйесі мен мемлекеттер дамуының *аймақтық* ерекшеліктерін жоққа шығармайды, мысалы, бұл үрдістің жарқын бейнесі ретінде Болон үдерісі аясында жоғары білімнің интеграциясын алуға болады.

Сонымен қатар жоғары білімнің *интернационалдандыруы* білім алушылардың, оқытушылардың және зерттеушілердің академиялық ұтқырлығы және барлық деңгейлерде кәсіби мамандарды дайындау бағыттары бойынша білім мазмұнын үйлестіру арқылы жүзеге асырылады.

Жаһандану, аймақтандыру және интернационалдандыру жоғары білім беруді дамытудың әлемдік беталысы ретінде көптеген түйінді үдерістерді анықтайды, олар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, олардың арасында ең маңыздысы ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялары; университеттік білімнің маңызын бейнелейтін және оның іргетасын сақтайтын білім мен ғылым интеграциясының ұштасуын тереңдету; академиялық еркіндікті кеңейту мен басқару жүйесін өзгерту арқылы университеттердің автономиясын дамыту; қосымша білім беру қызмет түрлерін ұсыну, оның ішінде «өмір бойы білім алу» ұстанымын жүзеге асыруға байланысты.

Қазақстандық білім беру жүйесі мен ғылым саласының дамуына ықпал ететін әлемдік беталыстар және олармен байланысты инновациялық үдерістер, сонымен қатар біздің еліміздің әлеуметтік – экономикалық және саяси жағдайлары ЕҰУ-нің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына толықтырулар мен өзгерістер енгізу барысында назарға алынды.

## МІНДЕТТЕР МЕН ЖОСПАРЛАР

**Миссия:** зерттеулер жүргізуді және үздік білім алуды, өз әрекеті үшін мемлекет пен қоғам алдында жауапты, экономиканың басым бағытты салаларын дамыту үшін кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін еуразиялық аймақтағы жетекші ғылыми және білім беру орталығы болу.

**Жоспар:** білім, ғылым және өндірістің тығыз ұштастырылуына негізделген ұлттық зерттеу университеті.

ЕҰУ **миссиясы мен жоспары** даму басымдықтарына негізделген:

- ғылым, білім және экономиканың заманауи салаларына қатысты іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге бағытталу;
- ғылыми кадрларды дайындау – магистр академиялық дәрежесі және философия докторы ғылыми дәрежелі мамандарды даярлау;
- мамандықтардың кең ауқымы бойынша кәсіби мамандарды дайындау, оның ішінде жаратылыстану, математика, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық бағыттар бойынша;
- оқытушы-профессорлар құрамының сапасын қамтамасыз ету, соның ішінде еліміздің жетекші ғалымдарын жұмысқа тарту және шетелдік мамандарды шақыру арқылы;
- білім алушылар контингентін таңдау: бакалавриат студенттерінің 80%-ға жуығы – «Алтын белгі» және мемлекеттік білім беру грант иегерлері, халықаралық және республикалық пәндік олимпиада мен ғылыми жоба байқауларының жеңімпаздары. Магистранттар мен докторанттар арасындағы жоғары конкурстың болуы, білім алушылар арасында таңдау жасау мүмкіндігінің дәлелі болып табылады;
- еуразиялық ғылым мен білім кеңістігінің интеграциялануын мақсат ету: халықаралық ұйымдар мен бірлестіктерге мүше болу;
- оқытушылармен және білім алушылармен академиялық алмасу;
- қосдипломды білім беру;
- қазақстандық және әлемдік университеттер арасында көшбасшы болуға ұмтылу, оларға негіз болатын республикалық деңгейде жоғары орындар мен халықаралық рейтингте маңызды позицияларды иелену.

## АҒЫМДЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

ЕҰУ қызметінің негізгі жетістіктері келесі көрсеткіштермен белгіленеді:

**Халықаралық ұйымдарға мүшелік ету:** Жоғары мектептің халықаралық ғылым академиясының, Университеттердің еуразиялық ассоциациясының, UNAІ мүшесі, Түркітілдес университеттер одағы және ТМД мен Балтық мемлекеттерінің Халықаралық зерттеулер ассоциациясына қабылданды, Жоғары оқу орындарының еуропалық ассоциациясының және Университеттердің халықаралық ассоциациясының толық мүшесі, Болонья (Италия) қаласында Университеттердің Ұлы хартиясына қол қойды.

**Халықаралық марапаттаулар:** «Біріккен Еуропа» (Оксфорд) халықаралық мәртебесі бар медалімен марапатталды. Заманауи қоғамның интеллектуалды дамуына қосқан үлесі үшін Сократ атындағы Халықаралық марапатқа ие болды (Оксфорд); «ТМД үздік компаниясы» алтын жұлдызын иеленді; Иордандық емес жоғары оқу орындарын аккредиттеу бойынша Жоғары комитеттің аккредитациясынан өтті (Иордан Хашемит Корольдігі). QS World University Rankings (топ 400) халықаралық рейтингінде өзінің тұрақты орнын көрсетуде және QS Top Universities Under 50 рейтингінде TOP-50 әлемнің жас университеттерінің ішінде, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінің QS EESA рейтингінде 2018 жылы 40 орын алды; «Webometrics» әлемдік университеттер сайттары рейтингінде ең үздік қазақстандық ЖОО; «Физика және астрономия» бағыты бойынша 2017 жылы QS пәндік рейтингіне енді; 2018 жылы – Times Higher Education 1000+ рейтингісіне, сонымен қатар ЕҰУ Times Higher Education 801+ рейтингісіне физикалық ғылымдар бағыты бойынша енді; ТМД Экономикалық кеңесінің «Қызметтер» номинациясы бойынша өнімнің сапа саласындағы жетістіктері мен сапаны басқарудың тиімділігі жоғары әдістері үшін сыйлық алды.

ЕҰУ IREG «Ядролық технология бағытында білім беру және мамандарды даярлау (STAR NET)», ТМД желілік университеті және ШЫҰ елдері Университеті, Turкіc Inter-University Union, Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының жоғары оқу орындарының және ҒЗИ арасындағы ғылыми-білім беру консорциумының мүшесі болып табылады.

**Республикалық деңгейде мойындау:** ЕҰУ 2012 жылдың 25 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын» номинациясында лауреат атанды.

2013 жылы ЕҰУ Мемлекеттік аттестаттаудан және институционалдық аккредиттеуден табысты өтті, бұл оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету сапасының дәлелі болып табылады.

Білім берудің сапасын бағалау тәуелсіз агенттігімен (ТҚББСБА) өткізілетін көпсалалы университеттердің Ұлттық рейтингінде ЕҰУ тұрақты алдыңғы қатардан көрінеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар **кадрларды даярлау** бакалавриатта 71 мамандық, магистратурада 68 мамандық, докторантурада 39 мамандық бойынша жүргізіледі. Ұлттық және шетелдік аккредиттеу агенттіктерімен 169 білім беру бағдарламалары аккредиттелді. 2018-2019 оқу жылында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 17 эксперименттік білім беру бағдарламалары орындала бастады, соның ішінде IT-менеджмент (B), IT-аудит (B), Экологиялық аудит (B), Есептеу лингвистикасы (M), Цифрлық криминалистика (M) және т.б.

2018-2019 оқу жылында бакалавриат контингенті 15435 адамды құрады, соның ішінде 11868 адам мемлекеттік грант иегері, магистратура контингенті – 3064 адам, соның ішінде 2971 адам мемлекеттік грант иегері, докторантура контингенті – 717 адам, соның ішінде 701 адам мемлекеттік грант есебінен білім алады.

ЕҰУ-де бірнеше жылдар бойы Болон үдерісінің параметрлерін жүзеге асыру бойынша сәтті жұмыс атқарылуда:

- кадрларды даярлау үш деңгейде жүргізіледі: бакалавриат–магистратура–докторантура (PhD);
- білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы жүзеге асырылуда, соның ішінде қосдипломды білім беру бағдарламалары, халықаралық академиялық алмасу бағдарламалары (ERASMUS MUNDUS, DAAD және т.б.), білім бағдарламаларын жүзеге асыруға шетелдік оқытушыларды шақыру, докторанттар мен магистранттардың шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамалардан өтуде;
- білім беру бағдарламалары ECTS кредиттерінің есепке алатын және компетенттік тәсіл ескерілген модульдік құрылымдық ұстаным бойынша құрылуда;
- еуропалық үлгідегі дипломға Қосымшаларды беру жүргізілуде.

ЕҰУ кадрлар даярлау сапасының көрсеткіші ішкі және сыртқы жұмыс нарықтарынтағы сұраныстан көрінеді (түлектердің 85% университетті бітіргеннен кейінгі 1 жылдың ішінде жұмысқа орналасуда), түлектердің кәсіби мансаптағы жетістіктері және бәсекеге қабілеттілігі бұл жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынас жасаудың жоғарғы деңгейдегі саясатының нәтижесі. «Түлектер ассоциациясы» құрылды, білім-беру бағдарламалары ассоциациялармен және кәсіби бірлестіктермен келісіледі, мамандарды сертификаттау орталықтарымен қарым-қатынас орнатылуда және т.б.

ЕҰУ **халықаралық ынтымақтастықты** Еуропаның, Азияның, Американың, Африканың және Океанияның 52 елінің жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен, елшіліктерімен және ғылым-білім беру қорларымен 343 келісімшарт негізінде жүзеге асырады.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары: білім алушылардың және оқытушылардың академиялық ұтқырлығы, магистранттар мен докторанттардың тәжірибеден өтуі, шетел білім алушыларын тарту, біріккен ғылыми зерттеулер, Эразмус + бағдарламасын жүзеге асыру және т.б.

2018-2019 оқу жылының тек бірінші семестрінде дәріс оқу және студенттер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарын басқару үшін 90 шетелдік оқытушылар шақырылды. 2017-2018 оқу жылында академиялық ұтқырлық шеңберінде 338 студент шетелдік жоғары оқу орындарында білім алды. Кіріс академиялық ұтқырлықтың нәтижелері 3 есеге дейін өсті: 2018-2019 оқу жылының басында ЕҰУ-де, оның ішінде дайындық бөлімінде, 574 шетелдік азамат білім алуда. Шет тілдерінде 30 бағдарламаның жүзеге асырылуы және ағылшын тілінде 427 пәннің оқытылуы университеттің тартымдылығын арттырады.

Қосдиплом бағдарламалары бойынша кадрлар дайындығы сәтті іске асырылуда. 2018-2019 оқу жылында 13 серіктес жоғары оқу орындарымен 30 бірлескен білім беру бағдарламалары іске асырылуда (оның ішінде 8 бағдарлама ТМД ЖУ, 4 – ШЫҰУ шеңберінде және 18 - жоғары оқу орындары арасындағы келісімдер аясында).

Эразмус+ бағдарламасының жобалар саны өсуде, «Жоғары білім берудің әлеуетін арттыру» 12 жобасы іске асырылуда. Эразмус+ бағдарламасының «Жан Моне» бағыты бойынша қаржыландыру үшін «EURODIP European Diplomacy Jean Monnet Chair» («Еуропалық дипломатия» Жан Моне кафедрасы) жобасы іріктеуден өтті.

2018 жылы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды бағыты Белоруссия, Қытай, Түркия және Иран мәдени-білім беру орталықтарының ашылуы болды.

ЕҰУ базасында М.В.Ломоносов атындағы ММУ-нің Қазақстандық филиалы жұмыс істеуде. 2013 жылы ЕҰУ-де Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылған.

*Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын ашу және шетел студенттерін тарту; оқытушылардың және білім алушылардың академиялық ұтқырлығының нәтижелілігін арттыру; шет тілдерін меңгерген оқытушылардың санын көбейту үшін қосымша шаралар қажет. Мамандарды сертификаттау орталықтарымен өзара іс-қимыл, кәсіптік практикадан өту және одан әрі жұмысқа орналастыру үшін келісім-шарттар жасау механизмдері нысықтауды талап етеді.*

Жастарды жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын, отансүйгіштік сезімін және әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру ЕҰУ-нің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Азаматтық тәрбие берудің маңызды бағыты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру. Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім алушылары университетті басқаруға белсене қатысады, жоғары оқу орындары қызметінің барлық бағыттары бойынша түрлі мәселелерін шешуге, білім алушылардың алқалық басқару органдары арқылы мүддесін білдіреді.

Студенттер республикалық және қалалық деңгейдегі іс-шараларға: Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанатымен «Абыройлы ұстаз» және «Адал бол» әлеуметтік жобаларында; Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп «Парасыз болашақ» республикалық акцияда; Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері



жөніндегі басқармасымен бірлесіп «Жастар арасында діннің көкейкесті мәселелері бойынша кешенді шаралар» әлеуметтік жобасына және басқаларына қатысады.

Студент жастардың салауатты өмір салтын қамтамасыз ету мақсатында университетте Медициналық орталық ашылды, әрбір корпуста медициналық пункттер, көптеген спорттық секциялар жұмыс істейді.

ЕҰУ-де клубтық жұмыс формасы белсенді дамып келеді: 2018-2019 оқу жылында 75 клубтар және бірлестіктер жұмыс істеуде.

Сонымен қатар, ЕҰУ-ті *білім алушыларды жатақханамен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ете алмайды, спорттық алаңдар мен құрылыстарда қажеттілік бар.*

Ғылыми және зерттеу қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ұсынған негізгі бағыттары бойынша іргелі ғылым мен қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған: ядролық және ғарыштық технологиялар, био - және нанотехнологиялар, көмірсутегі және тау-кен металлургия өнеркәсібіне арналған жаңа технологиялар, жалпыұлттық идеяны қалыптастыруға ғылыми-әдіснамалық негіздерін зерттеу және т.б.

2018 жылы іргелі және қолданбалы ғылымдар бағытында 100 жоба бойынша зерттеулер жүргізілуде: 217 бюджеттік бағдарлама шеңберінде барлық жеті басым бағыттарда гранттық қаржыландыру бойынша 78 жоба; 5 ғылыми-техникалық бағдарлама және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 2 мемлекеттік тапсырма; мемлекеттік емес сектордың шаруашылық субъектілерімен 15 ғылыми-зерттеу жұмыстары. 2017 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландырудың жалпы көлемі 1 530 025,802 мың теңгені құрады.

ЕҰУ-нің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің субъектісі ретінде мемлекеттік аккредиттеу туралы сертификаты бар, сонымен бірге 2 ғылыми зертхана аккредиттелген.

Ғалымдар мен қызметкерлердің ғылыми қызметінің тиімділігін көрсететін өлшемдерінің бірі, әсіресе, Web of Science және Scopus (ДБ) деректер базасына кіретін жоғары рейтингті журналдарда жарияланымдық белсенділігі болып табылады: соңғы 5 жылда жарияланымдар саны Web of Science ДБ-да – 949, Scopus ДБ-да – 1329.

Қазіргі таңда ЕҰУ-де 16 ғылыми журнал шығарылады: «Eurasian Mathematical Journal» және «Eurasian Journal of Mathematical and Computer Applications» Web of Science Core Collection халықаралық базасына кіреді, «Eurasian Journal of Physics and Functional Materials», «Проблемы инженерной графики и профессионального образования» және 12 бағыт бойынша «Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева», олардың көпшілігі ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдар тізіміне кіреді.

Маңызды мақсаттардың бірі – ғылымға жастарды тарту. Университетте жас ғалымдар Кеңесі, Студенттік ғылыми қоғамы жұмыс жасауда, олардың негізгі мақсаты жас ғалымдар мен білім алушылардың шығармашылық ғылыми белсенділігін дамытуға жәрдемдесу болып табылады. 2017 жылы ЕҰУ жас

ғалымдар Кеңесі Елбасы-Тұңғыш Президент Қоры өткізетін конкурстың қорытындысы бойынша «Үздік жас ғалымдар Кеңесі» атанды.

ЕҰУ ғылыми-зерттеу қызметінің басқа маңызды бағыты қорғау құжаттарын алу бойынша жұмыс жасау. 2017 жылы 85 қорғау құжаттары алынды, оның ішінде 18 бойынша ЕҰУ құқық иеленуші болып табылады.

ҒЗЖ көрсеткіштерінде ерекше орынды инженерлік бейіндегі зертханалар қызметі алады, оның ішінде су тазалау үшін тректік мембраналар негізінде жеке сүзгілерді шығару бойынша Дүниежүзілік банк пен ҚР БҒМ «Технологияларды коммерцияландыру» жобасын орындау аясында жұмыс басталды.

Сонымен бірге университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің проблемаларын талдау негізінде келесі проблемаларды атауға болады: *ғылыми зертханалардың заманға сай жабдықтармен жеткіліксіз жабдықталуы, шетелдік ғылыми ұйымдар және орталықтармен жеткіліксіз интеграция, бизнеспен және кәсіпорындармен ғылыми ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді болмауы.*

ЕҰУ табысты дамуының негізі кадрлар әлеуеті болып табылады. ЕҰУ білім беру және ғылыми қызметі жоғары кәсіби профессорлық-оқытушылар құрамымен жүзеге асырылады: 70%-дан астам ғылыми және салалық академиялардың мүшелері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, ғылым докторлары және кандидаттар, профессорлар, доценттер, PhD докторлары. «ҚР жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды шақыру» бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда, Нобель сыйлығының лауреаттарымен кездесу дәстүрге айналған, «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің үздік жоғары оқу орындарында білім алған 200-ден астам түлектер шақырылды. ЕҰУ-де оқу үдерісін 1576 адам білікті профессорлық-оқытушылар құрамы жүзеге асырады, оның 259-ы ғылым докторы, 665 ғылым кандидаты, 180 PhD докторы. Профессорлық-оқытушылар құрамын ынталандыру және уәждеу мақсатында 2016 жылдан бастап «КРІ» енгізілуде. Мәселен, 2018 жылы КРІ қорытындысы бойынша 781 оқытушы, бұл шамамен профессорлық-оқытушылар құрамының 50%-ы, үстемақы алды.

Профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру бюджеттік негізде 5 жылда бір рет жүргізіледі. 2017-2018 оқу жылында 327 оқытушы біліктілікті арттырудан өтті: 169 адам – шетелде, 158 адам – Қазақстанда.

2018 жылдан бастап ЕҰУ-де біліктілігін арттыру және қосымша білім беру институты жұмыс істей бастады.

Кадр саясатын жетілдіру мақсатында профессорлық-оқытушылар құрамы және қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттану дәрежесін анықтау үшін тұрақты түрде сауалнамалар жүргізіледі.

Университеттің кадр құрамын қалыптастыруда қол жеткізген жетістіктеріне қарамастан, тұтастай жоғары білім беру жүйесіне тән келесі мәселелер орын алады: *жас ғалымдардың жұмысқа аз келуі, оқытушылардың «оқытушы-зерттеуші» және «оқытушы» санаттарға бөлінбеуі, төмен жалақыға байланысты кадрлардың жұмысқа тұрақтамауы және т.б.*

**Материалдық-техникалық базасын және инфрақұрылымын** дамытудың негізгі міндеттері: қазіргі заманға сай оқу-зертханалық база және әлеуметтік инфрақұрылым құру; компьютерлік паркті және телекоммуникациялық жабдықтарды көбейту; ғылыми зерттеулер мен оқытуды ақпараттандыру; Интернет-ресурстарды дамыту болып табылады.

Университет инфрақұрылымында 22 объекті бар: 7 оқу корпусы, 7 студенттік үй және жатақхана, Жас ғалымдар үйі, Шағын отбасылар жатақханасы, «Евразия» спорт кешені, «Тұмар» спорттық-сауықтыру базасы, ғылыми кітапхананың ғимараты және т.б. Екі аккредиттелген зертхана бар: инженерлік бейіндегі зертхана, ЕНУ-Lab ҒӨО зертханасы.

Компьютерлық және интерактивті техника паркі дамып келе жатыр. Университеттің барлық компьютерлері локальды жүйеге біріктірілген және Internet желісіне қосылған. Оқу корпустарындағы аудиториялар интерактивті тақталармен және видеопроекторлармен жабдықталған, барлық корпустар тегін Wi-Fi-мен қамтамасыз етілген. Жекелеген қолдану аспектілері бойынша корпоративтік ақпараттық жүйелері енгізілген: PLATONUS, ARTA SYNERGY электрондық құжат айналымы, электрондық кітапхана және т.б.

Кітапхана қоры 1 644 032 дананы құрайды, оның ішінде оқу және оқу-әдістемелік әдебиет – 1 037 713 дана (жалпы қордың 63,1 %), ғылыми әдебиет – 416 681 дана (жалпы қордың 25,4 %), қосымша әдебиеттер – 189 638 дана (жалпы қордың 11,5 %).

Кітапхананың ақпараттық әлеуетін кеңейту: ЭБС Лань, ЭБС IPRbooks, EBSCO, East View, Euromonitor International Passport, Press Reader, Polpred, Web of Science, ELibrary USA және т.б. лицензиялық базаларға жазылу арқылы жүреді.

Материалдық-техникалық базасы үнемі жетілдіріліп, жаңа жабдықтар сатып алынуда. 2017 жылы материалдық-техникалық базаны жаңарту үшін бөлінген қаражат көлемі 1 542 477, 8 мың теңге.

Инфрақұрылымның күрделі мәселелері *оқу-зертханалар мен жатақханалардың тапшылығына, ашық және жабық спорттық кешендердің жеткіліксіздігіне, автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің әртараптылығына, қазіргі заман талабына сай кітапхананың болмауына байланысты.* Инфрақұрылым объектілерінің бір бөлігі күрделі жөндеу мен қайта жабдықтауды қажет етеді.

Ағымдағы жағдайды талдау ЕҰУ-нің Даму стратегиясын іске асыруда елеулі нәтижелерге жеткенін көрсетеді. Өзгертілген ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген жоғары білім мен ғылымды дамытудың жаңа бағыттары Даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін негіздейді және университет алдында жаңа міндеттер қояды.

## SWOT-талдау

<p style="text-align: center;"><b><i>S (strength) - күшті жақтары</i></b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● халықаралық нарықта танымалдылығы республикалық білім беру нарығында беделі;</li> <li>● мамандықтардың кең ауқымы бойынша кадрларды дайындау;</li> <li>● дамыған халықаралық ынтымақтастық;</li> <li>● ПОҚ жоғары «дәрежеленуі»;</li> <li>● шетелдік профессорларды тарту;</li> <li>● жекелеген бағыттар бойынша дамыған ғылыми мектептері;</li> <li>● ҒЗТҚЖ, оның ішінде ИИДМБ жүргізу үшін ғылыми кадрлардың болуы;</li> <li>● PhD докторларын дайындау тәжірибесі;</li> <li>● тек күндізгі оқу нысанында оқыту;</li> <li>● контингенттің сапалық құрамы;</li> <li>● қосдипломдық білім беру бағдарламаларының іске асыру тәжірибесі;</li> <li>● әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы заманауи қарым-қатынас сервистері.</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b><i>W (weakness) - әлсіз жақтары</i></b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі;</li> <li>● жеткілікті дамымаған ғылыми - зертханалық және оқу-зертханалық база;</li> <li>● әлсіз дамыған әлеуметтік инфрақұрылым объектілері;</li> <li>● қазіргі заманғы кітапхана жоқтығы;</li> <li>● спорт ғимараттарының жеткіліксіздігі;</li> <li>● корпоративтік басқару және HR - менеджмент тәжірибесінің жетіспеушілігі;</li> <li>● сараланған еңбекақының жоқтығы;</li> <li>● білім беруді ақпараттандыру деңгейі жеткіліксіз;</li> <li>● шетелдік студенттердің аз санды контингенті.</li> </ul>
<p style="text-align: center;"><b><i>O (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер</i></b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● жоғары білім жүйесіне мемлекеттің назар аударуы;</li> <li>● халықаралық академиялық қауымдастыққа бірлесу;</li> <li>● академиялық, басқарушылық және қаржылық дербестікті кеңейту;</li> <li>● жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге сұраныстың өсуі;</li> <li>● жаңа оқу алаңдары мен жатақханалардың құрылысы үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлу;</li> <li>● қызметтің барлық бағыттарын цифрландыру.</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b><i>T (threat) - қауіп-қатерлер</i></b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● мемлекеттік қаржыландыру қысқарту;</li> <li>● бәсекелестердің белсенді саясаты;</li> <li>● білікті кадрлардың басқа салаларға кетуі;</li> <li>● бірқатар мамандықтардың түлектеріне сұраныстың болмауы;</li> <li>● болашақ мамандардың жеке тұлғаны қалыптастыруына әлеуметтік ортаның теріс ықпалы.</li> </ul>

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

ЕҰУ дамуында қол жеткен нәтижелер мен көрсетілген кемшіліктер болашақ үшін өзінің көкейкестілігін толықтай сақтайды. Көрсетілген қиындықтарды біртіндеп жойған жағдайда ЕҰУ табысты дами алады.

ЕҰУ міндеттері және болжамдары, қазақстандық қоғамның, ғылым мен экономиканың, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің даму басымдықтары, ҚР білім беру саласындағы бағдарламалық құжаттары Университеттің 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағыттарын айқындады. Осыған байланысты әр бағыт бойынша келесі стратегиялық мақсаттар, міндеттер және күтілетін нәтижелер анықталды. ЕҰУ стратегиялық дамуын жүйеге асырудың негізгі кезеңдеріне сәйкес болжанатын көрсеткіштер ұсынылып отыр.

### *Стратегиялық бағыт 1.*

#### *Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау*

*Мақсат 1.1:* ҚР экономикасының индустриалды-инновациялық дамуы мен еңбектің сыртқы және ішкі нарығының сұраныстарын қанағаттандыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды дайындау.

*Міндет 1.1.1:* ЕҰУ-нің Болон үдерісінің негізгі параметрлеріне сәйкес қызмет етуі.

Бұл міндет келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- білім беру бағдарламалары мазмұнын шетелдік серіктес-жоғары оқу орындарының ұқсас бағдарламаларымен сәйкес үйлестіру;
- білім беру бағдарламаларын еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберіндегі талаптарға сәйкестендіру;
- білім беру бағдарламаларының сапасын білім сапасын қамтамасыз ету бойынша халықаралық еуропалық желілерде толыққанды мүшелігі бар және білім беру саласындағы уәкілетті органның тізіміне енген агенттіктерде халықаралық және ұлттық аккредиттеуден өту;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру үшін жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестерді жұмылдыру;
- білім алушылар, профессорлық-оқытушылар құрамын және қызметкерлердің академиялық ұтқырлығын дамыту үшін рейтингісі жоғары университеттермен ынтымақтастық туралы келісімдер жасау;
- білім беру бағдарламаларына, олардың ішінде ағылшын тілінде жүзеге асырылатын бағдарламаларға, шетелдік білім алушыларды тарту;
- ERASMUS MUNDUS, DAAD және т.б. халықаралық бағдарламаларға қатысушылардың санын көбейту;
- академиялық алмасу, біріккен ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу, жобаларды коммерциализациялау және профессорлық-оқытушылар құрамының

біліктілігін арттыру мақсатында отандық және шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен келісім шарттар жасау;

- ТМД-ның және алыс шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдаламалары бойынша келісімшарттар жасау;

- жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін лицензия алу;

- барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы ғылыми компонентінің үлесін ұлғайту;

- магистратура және бакалавриат білім беру бағдарламаларының мазмұнына ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған қосымша элективті модульдерді енгізу;

- студенттер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеу қызметіне қатысуын бақылау;

- халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға қатысушыларды дайындау;

- студенттер, магистранттар мен докторанттардың шығармашылық және инновациялық әлеуетін белсендіру мақсатында республикалық және халықаралық конференциялар, семинарлар мен конкурстарға қатысу;

- ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша өткізілетін республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпаздарын ынталандыру;

- ЕҰУ-де оқитын шетел студенттерінің санын арттыру.

***Міндет 1.1.2:*** Экономика, оның ішінде мемлекеттің индустриалды-инновациялық даму жобаларының салалары үшін, жоғары және ЖОО-нан кейінгі білімі бар мамандарды дайындау.

Бұл міндет келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- ИИДЖМБ басымдықтарын есепке ала отырып, ірі компаниялардың тапсырыстарын орындау;

- түлектердің біліктілігін бағалау үшін кәсіби ассоциацияларды тарту;

- мемлекеттік және жеке кәсіпорындар есебінен білім қызметін қаржыландару көздерін кеңейту;

- одан әрі жұмысқа орналасу көзделген өндірістік тәжірибеден өтуге келісім шарттар жасау;

- бакалавриатта, магистратурада және докторантурада бітіру біліктілік жұмыстарына кеңес беру және жетекші болу үшін практик-мамандарды тарту;

- кәсіби ассоциациялармен түлектер қатарынан кадрлық резервті қалыптастыру үшін келісім шарттар жасау;

- ғылыми және педагогикалық кадрларды мақсатты дайындау бойынша өндіріс және жоғары оқу орындарымен өзара тиімді келісімшарттар жасау;

- жұмыс берушілердің қатысуымен кездесулер, семинарлар, шеберлік-сыныптар, таныстырылымдар өткізу;

- жаңа қосдипломды білім беру бағдарламаларын ашу;

- ғылыми зерттеу институттарындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына білім алушыларды тарту;

– дипломдық, магистрлік, докторлық диссертациялық тақырыптарын бекіту, басым өндіріс салаларының және ғылыми зерттеу институттардың, ғылыми лабораториялардың, инновациялық парктің және т.б. іргелі және қолданбалы жобалардың тақырыптарына сәйкес біліктілік жұмыстарын қорғау және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы ғылым мен білім беруді интеграциялау.

**Мақсат 1.2:** Білім алушылардың кәсіби шеберлігінің және азаматтық тұлғасының қалыптасу сапасына ықпал ететін диверсифицицияланған білім беру ортасын қалыптастыру.

**Міндет 1.2.1:** Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету.

Міндетті орындау келесі *сыртқы бағалау* бойынша анықталады:

- QS World University Rankings халықаралық рейтингіндегі және ЖОО-лардың республикалық рейтингіндегі орны;
- түлектердің ОЖСБ ұлттық тәуелсіз тестілеуді тапсыру нәтижелері;
- ұлттық және халықаралық аккредиттеуден өтуі;
- жұмыс берушілердің мамандар дайындау сапасымен қанағаттануы; және мынадай *ішкі бағалау* арқылы анықталады:
- білім алушылардың оқытудың сапасы және жағдайымен, профессорлық-оқытушылар құрамының еңбек жағдайларына қанағаттанатынын үнемі анықтап отыру;
- үздік диплом алған бакалавриат түлектері санының прогрессивті өзгеруі, олардың ішінде магистратура мен докторантурада өз білімін жалғастырушылардың саны;
- сабақ өткізу сапасының мониторингі;
- білім беру үдерісінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, оның ішінде мемлекеттік тілде;
- оқу-зертханалық жабдықты жаңғырту және жаңартуға, кітапхананың дамуына бөлінген қаржыны дұрыс пайдалану;
- мемлекеттік тілде мультимедиялық және Internet пайдалануымен оқу-әдістемелік қолдауды дамыту.

**Міндет 1.2.2:** Білім алушылардың азаматтық қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндет келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- білім алушылардың азаматтық және патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында әлеуметтік маңызды республикалық («Жасыл Ел», «Қазақстан студенттерінің Альянсы», «Қазақстан жастар Конгресі» және т.б.) және университеттік бірлестіктер жұмысына қатысу;
- білім алушыларды жастардың қоғамдық-саяси ұйымдарына («Нұр-Отан» партиясының жастар қанаты, Жастар саясатының орталығы, «Парасат», «Оратор» дебат клубтарына және т.б.) жұмылдыру;

- қазақстандық патриотизмді құруға бағыттылған іс-шараларды ұйымдастыру, соның ішінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша;
  - салауатты өмір салтын ұстану және жалпыұлттық «Мәңгілік ел» патриоттық идеясына, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына негізделген рухани және моральдық құндылықтарды көтеруге жастарды жұмылдыру;
  - мәдени-спорттық бірлестіктер қызметі үшін жағдай тудыру, білім алушыларды, профессорлық-оқытушылар құрамын, қызметкерлерді спорттық шараларға қатысуға тарту;
  - студенттерді шығармашылық бірлестіктерге («E-Studio», «Кәусар», студенттер театры «Шаңырақ», «Атракцион»), қызығушылықтары бойынша клубтарға тарту;
  - кәсіби және тұлғалық дамуға әсер ететін қызығушылықтары бойынша клубтар мен бірлестіктердің қызметін қамтамасыз ету;
  - әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға материалдық көмек көрсету арқылы әлеуметтік қолдау;
  - университеттің медициналық орталығында білім алушыларға тегін медициналық қызмет көрсету;
  - «Білім алып жатқан жастарға арналған қоғамдық жұмыстар» әлеуметтік бағдарламасы мен жұмыспен қамту орталықтары арқылы студенттер мен магистранттарды уақытша жұмыспен қамтуға ықпал ету.
- Жастарды тәрбиелеудегі университеттің тиімді қызметі жастар ортасындағы үдерістер мен үрдістерді талдау үшін ғылыми-зерттеу орталығын құру арқылы жүзеге асырылады.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының концептуалды негіздері ЕҰУ-нің іс-жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

### ***Стратегиялық бағыт 1.***

#### ***Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау бойынша күтілетін нәтижелер***

- Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алып, университетті бітіргеннен кейін бірінші жылы мамандық бойынша жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі: 2018 ж. – 85%; 2019 ж. – 85%; 2020 ж. – 90%;
- Ғылыми педогогикалық бағытта магистратура мен докторантураны бітірген түлектердің оқу орындарына және ғылыми ұйымдарға университетті бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі: 2018 ж. – 19%; 2019 ж. – 19%; 2020 ж. – 20%;
- QS әлемдік рейтинг нәтижелері бойынша ЕҰУ орны: 2018 ж. – топ 394; 2019 ж. – топ 370; 2020 ж. – топ 300;
- Жүзеге асырылып жатқан бағдарламаның жалпы санынан аккредиттелген білім беру бағдарламалардың үлесі: 2018 ж. – 93%; 2019 ж. – 93%; 2020 ж. – 93%;
- Студенттердің білім беру қызметімен және оқыту жағдайларымен қанағаттану деңгейі: 2018 ж. – 87%; 2019 ж. – 87%; 2020 ж. – 87%;



– Республикалық және университеттік әлеуметтік маңызды жобаларды, оның ішінде ресурстық орталықтар қолдауы бойынша, жүзеге асыруға қатысатын студенттердің үлесі: 2018 ж. – 33%; 2019 ж. – 34%; 2020 ж. – 35%;

– Азаматтық ұстанымның белсенді қалыптасуына бағытталған жастардың қоғамдық-саяси ұйымдар мен клубтық бірлестіктердің іс-шараларына қатысатын, соның ішінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша, білім алушылардың үлесі: 2018 ж. – 62%; 2019 ж. – 63%; 2020 ж. – 63%;

– Өзін патриот санайтын жастардың үлесі (әлеуметтік сауалнама негізінде): 2018 ж. – 86%; 2019 ж. – 90%; 2020 ж. – 90%;

## ***Стратегиялық бағыт 2.***

### ***Еуразиялық кеңістікте университетті зерттеу орталығы ретінде қалыптастыру***

***Мақсат 2.1:*** Университеттің зерттеу жұмыстары бойынша құрылымдарын дамытуды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету.

***Міндет 2.1.1:*** Ғылыми-зерттеу жұмыстарының өсуін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету.

Бұл міндетке жету үшін келесі іс-шаралар көзделеді:

- қолданбалы және іргелі, оның ішінде ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру аясындағы зерттеулердің санын арттыру;
- профессорлық-оқытушылар құрамының өнімді ғылыми қызметін қамтамасыз ету мақсатында жарияланымдардың, оның ішінде Scopus және Tomson Reuters халықаралық библиометриялық деректер базаларында индекстелетін импакт-факторлы басылымдардағы, санын арттыру;
- ашылған жаңалықтарды қорғайтын құжаттарды алу;
- ҒЗИ жобаларын жүзеге асыру үдерісіне студенттерді, магистранттарды және докторанттарды белсенді тарту;
- ҒЗИ-дың ғылыми бағыттарына сәйкес магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарының тақырыбын бекіту;
- профессорлық-оқытушылар құрамы, докторанттар мен магистранттардың қолданбалы және іргелі зерттеулерге қатысуына мониторинг жүргізу;
- оқу үдерісіне зерттеу нәтижелерінің енгізілуіне мониторинг жүргізу;
- магистрлік және докторлық диссертацияларды дайындау барысында ғылыми мектептердің әлеуетін пайдалану;
- ҒЗТКТЖ, ғылыми және инновациялық қызметті қаржыландыруды арттыру, оның ішінде мемлекеттік жеке әріптестік пен бизнес тарапынан;
- қолданбалы және іргелі зерттеулерді орындау мақсатында жаңа отандық және шетелдік серіктестерді тарту;
- республикалық маңызы бар ғылыми зерттеу институттармен бірлесе отырып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу.

**Міндет 2.1.2:** Шетелдік жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарымен серіктестікті кеңейту.

Бұл міндеттің жүзеге асыруы бірнеше іс-шаралар арқылы қамтамасыз етіледі:

Біріншіден, ғылыми-білім консорциумдар аясындағы жобаларды жүзеге асыру және шетелдік жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарымен бірігіп жұмыс істеу. Бұл контексте ЕҰУ базасындағы Қазақстан-Беларусь орталығының қызметін мысал ретінде келтіруге болады.

Екіншіден, шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен халықаралық келісім-шарттар жасау, шетел мекемелерімен хат алмасу және келіссөздер жүргізу; болашақта ғылымның басым бағыттары бойынша әлемдік жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарының арасынан әлеуетті серіктестердің деректер базасын құру арқылы серіктестер санын арттыру.

Үшіншіден, әлемнің үздік ғылыми (инновациялық), технологиялық парктерімен бенчмаркинг үнемі жүзеге асырылып отыратын болады.

Төртіншіден, университеттің ғылыми-зерттеу құрылымдарымен технологияларды табысты трансферттеу және жобаларды жүзеге асыру үшін ғылыми және зерттеу қызметін басқаруда инновациялық тәсілдер қолданылады.

**Мақсат 2.2:** Білім, ғылым және өндірісті ұштастыру.

**Міндет 2.2.1:** Өнеркәсіптік кәсіпорындармен, бизнес-құрылымдармен және өзге ұйымдармен ғылыми және өндірістік байланыстар орнату.

Бұл міндет университет құрылымдары түрлі қайырымдылық/қамқорлық қорлары және бизнес-құрылымдармен ұйымдастырылған, мемлекеттік және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын гранттар, ғылыми және өзге шаруашылық шарттағы жобалар конкурсына қатысу арқылы жүзеге асырылады. Университет мемлекеттік жеке әріптестіктер арқылы ғылымды көп керек ететін мәселелерді шешуге ҚР өнеркәсіп компанияларымен өзара қарым-қатынас орнатуды жеделдетуді көздейді.

Сонымен қатар келесі іс-шаралар орындалады:

– Бизнес-құрылымдар және өндірістермен серіктестік қарым-қатынас пен қамқоршылық қалыптастыру үшін мүмкіндіктер қарастыру;

– ғалымдардың ғылыми жобаларына міндетті түрде өндіріс өкілдерін қатыстыру тәжірибесін енгізу;

– сондай-ақ ұйымның жетекші мамандарын конкурстарға (халықаралық конкурстарға да) қатыстырып, іргелі, қолданбалы және инновациялық жобаларды бірігіп орындауға жұмылдыру.

Сонымен қатар Университет ҒЗТКТЖ нәтижелерін коммерциялық пайдалануда көмек көрсетеді. Ғылыми зерттеу жұмыстары мен университеттің инновациялық қызметінің нәтижелері бизнес-құрылымдар мен өндірістен қаржыландырылып, білім беру мен өндіріске енгізіледі.

**Міндет 2.2.2:** *Зерттеу құрылымдарында әзірленген ғылыми жұмыстарды коммерциялау.*

Бұл міндет келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

– біріншіден, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға ұлттық компаниялар мен жеке кәсіпорындарды жұмылдыру; жаңа технологияларды әзірлеуде ИИДЖМБ басымдықтарын есепке алу; ғылыми жұмыстарды және т.б. коммерциалауды қамтамасыз ететін құрылымдардың қызметін белсенді жүргізу. Қаржыландыратын инновациялық конкурстар туралы үнемі ақпараттар жарияланып, олардың мониторингі жасалып отырады.

– екіншіден, ЕҰУ Инновациялық паркті 2020 жылға қарай Технопаркке айналдыру бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ғылыми зерттеу институттарында қолданылатын жабдықтар мен құрылғылар туралы ақпараттық базаны толтыру жалғасатын болады. Жаңа технологияларды шығару үшін ұлттық компаниялар мен жеке кәсіпорындардың қатысуымен ғылыми жобалар мен бағдарламалар іске асырылатын болады, мақсатты ғылыми техникалық бағдарламалар мен гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалардың мониторингісі жүргізіледі;

– үшіншіден, университеттің ғылыми зерттеу құрылымдары негізінде ғылыми зерттемелерді коммерцияландыру үшін жағдай жасалатын болады.

### ***Стратегиялық бағыт 2.***

#### ***Еуразиялық кеңістікте университетті зерттеу орталығы ретінде қалыптастыру бойынша күтілетін нәтижелер***

– Халықаралық ғылыми метрикалық деректер базаларына (Web of Science, Scopus) енетін импакт-факторлы журналдардағы ғылыми жарияланымдардың саны: 2018 ж. – 340; 2019 ж. – 350; 2020 ж. – 360;

– Ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемінен ғылыми жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындардың үлесі: 2018 ж. – 3,5%; 2019 ж. – 4,0%; 2020 ж. – 4,5%;

– Халықаралық серіктестік аясында орындалатын ҒЗТКТЖ үлесі: 2018 ж. – 25%; 2019 ж. – 27%; 2020 ж. – 30%;

– Ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемінен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге жұмсалған шығындардың үлесі: 2018 ж. – 19%; 2019 ж. – 23%; 2020 ж. – 25%;

– Университеттің жалпы табыс көлемінен инновациялық және ғылыми қызметтен түскен табыс үлесі: 2018 ж. – 10%; 2019 ж. – 14%; 2020 ж. – 15%;

– Ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлеміндегі бизнестің салған қаржылар көлемінің үлесі: 2018 ж. – 4,0%; 2019 ж. – 6,0%; 2020 ж. – 10,0%;

– 2014 жылғы зерттеушілердің жалпы санымен салыстырғандағы зерттеушілердің өсімі: 2018 ж. – 25%; 2019 ж. – 27%; 2020 ж. – 30%;

– Қаржыландырылған іргелі және қолданбалы жобаларға қатысатын профессорлық-оқытушылар құрамының үлесі: 2018 ж. – 50%; 2019 ж. – 51%; 2020 ж. – 52%;

– Құрылған стартап компаниялар саны (2016 жылды қоса есептегенде): 2018 ж. – 8 бірлік; 2019 ж. – 10 бірлік; 2020 ж. – 12 бірлік;

– Қолданбалы ғылыми зерттеу жобаларының жалпы санынан коммерциаланған жобалардың үлесі: 2018 ж. – 5%; 2019 ж. – 7%; 2020 ж. – 9%.

### ***Стратегиялық бағыт 3.***

#### ***Кадр әлеуетін және басқару жүйесін дамыту***

***Мақсат 3.1:*** Кәсіби біліктілікті көтеру және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау.

***Міндет 3.1.1:*** Таңдаудың тиімді механизмдерін енгізу және кәсіби кадрларды аттестациялау.

Бұл міндетті орындау үшін келесі жұмыстар жүргізіледі:

– қызметкерлердің жұмысын ынталандыру және атқаратын лауазымдарға сәйкес қызметтің тиімділігін КРІ жүйесі арқылы арттыру;

– конкурстық іріктеу талаптарының жүйесін білім беру ісіндегі инновациялық тәсілдерін қолдану, зерттеу жұмысына жүйелі қатысу, шетелдік және отандық жетекші басылымдарда жарияланымдарын шығаруын ескере отырып жаңарту.

Жұмысқа қабылдау кезінде университетте дайындалған түлектерді, сонымен қатар, практик-мамандарды, үздік әлемдік және ұлттық университеттерін бітірген жас PhD докторларын оқытушылық және ғылыми қызметке тартуға ерекше көңіл бөледі. Таңдау тетіктерін тиімділігін арттыру мақсатында университеттің кадрлық резерв жүйесі дамытылады.

***Міндет 3.1.2:*** Профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру.

Бұл міндетті орындау мынадай шараларды жүзеге асыруды талап етеді:

– профессорлық-оқытушылар құрамын қайта даярлау және біліктілігін арттыруды республикалық деңгейде ұйымдастыру;

– қызметкерлерді халықаралық ғылыми тағылымдамаға және біліктілікті арттыру курстарына жіберу мақсатында әлемнің жетекші ЖОО-дары арасынан серіктес ЖОО-дар базасын құру;

– АКТ саласында профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру, соның ішінде онлайн-ресурстар арқылы.

***Міндет 3.1.3:*** Шетелдік мамандарды шақыру

Бұл міндет келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- білім беру және зерттеу жұмыстарына қатысатын әлемнің жетекші университеттерінен келетін шетелдік мамандар санын арттыру;
- шетелдік мамандармен ұзақмерзімді келісімшарттар жасауға басымдық беру, сонымен қатар шетелдік студенттерді оқытудағы университеттің мүмкіндіктері мен жетістіктерін жарнамалау, біріккен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;
- айрықша білікті шетелдік профессорлар мен оқытушыларды шақыру, шет елден қазақстандық ғалымдарды Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту, білім алушыларға дәріс оқу және консультация беру үшін мамандарды тарту мақсатында үздік шетелдік ЖОО-дарымен серіктестікті кеңейту, халықаралық ғылыми-практикалық шаралар ұйымдастыру;
- халықаралық білім беру көрмелеріне қатысу.

**Мақсат 3.2:** ЖОО автономиясына өту контексінде басқару жүйесін жетілдіру.

**Міндет 3.2.1:** Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамының кәсіби деңгейін арттыру.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамының кәсіби деңгейін арттыру құрылым басшылары мен жетекшілерін менеджмент бағыты бойынша қайта даярлау арқылы жүргізіледі.

ЖОО-ның автономия режиміндегі қызметіне дайындық үшін университеттің әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамын қайта оқытады.

Әкімшілік-басқару құрамының кәсіби деңгейін арттыру қызметкерлердің шетелде біліктілікті көтеру және қайта даярлаудың сертификацияланған бағдарламаларына қатысу арқылы жүзеге асыру қарастырылады. Кадрлық резерв бағдарламасын дамыту. Бұл мақсатта жетекші ЖОО-дары мен білім берудің консалтингтік компаниялар қатарынан шетелдік серіктестер базасы құрылады, сонымен қатар серіктестер базасы негізінде басқару персоналының біліктілігін арттыру курстарынан өту кестесі жасалған.

**Міндет 3.2.2:** ЖОО автономиясына өту үшін жағдай жасау.

Бұл міндетке қол жеткізу келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- академиялық еркіндік ұстанымдарын білім беру бағдарламаларын әзірлеуге құқық беру арқылы енгізу;
- басқару шешімдерін қабылдауына профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды қатыстыру (Ғылыми кеңес, ректорат, Ғылыми-әдістемелік кеңес, Ғылыми-техникалық кеңес, комитеттер, комиссиялар, жұмыс топтары) арқылы корпоративтік басқару ұстанымдарын жүзеге асыру.
- Сонымен қатар университетті тиімді басқару мақсатында кадрлық, қаржылық, ақпараттық және материалды-техникалық ресурстарды пайдалануды реттейтін нормативтік құжаттар енгізіледі және жетілдіріледі. ЖОО автономиясы, ашық басқару және корпоративті мәдениет ұстанымдарын тарату бойынша және ЖОО қызметін жетілдіру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру университеттің

Бақылау кеңесінің ұсыныстары мен бағасы негізінде қамтамасыз етілетін болады. ЖОО оң имиджін қалыптастыру мақсатында ЖОО-да болып жатқан барлық үдерістің жариялылығы мен ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету маңызды факторлар болып табылады, соның ішінде ректордың жұртшылық алдындағы ашық есебі арқылы.

### ***Стратегиялық бағыт 3 бойынша күтілетін нәтижелер. Кадр әлеуетін және басқару жүйесін дамыту***

– Ғылыми дәрежелі педагогикалық қызметкерлер саны мен оқытушылардың жалпы санының арақатынасы: 2018 ж. – 72,5%; 2019 ж. – 73%; 2020 ж. – 73,5%;

– Біліктілікті арттыру, қайта даярлау, тәжірибе, сонымен қоса педагогикалық мамандықтар бойынша курстарынан өткен, ОПҚ үлесі: 2018 ж. – 17%; 2019 ж. – 17%; 2020 ж. – 17%;

– Білім беру саласындағы менеджмент бойынша қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан өткен құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің үлесі: 2018 ж. – 10%; 2019 ж. – 10%; 2020 ж. – 10%;

– Алқалық басқару органдырымен қабылданған жүзеге асырылған шешімдердің үлесі: 2018 ж. – 84%; 2019 ж. – 84%; 2020 ж. – 85%.

### ***Стратегиялық бағыт 4. Инфрақұрылым мен материалды-техникалық базаны дамыту***

***Мақсат 4.1:*** Білім беру мен ғылыми қызмет үшін дамыған инфрақұрылым мен материалды-техникалық база.

***Міндет 4.1.1:*** Заманауи оқу-лабораториялық база және әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру.

Бұл міндеттің орындалуы университеттің балансындағы жаңа әлеуметтік нысандарды ұстауға, ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға кедергісіз қол жеткізуге жағдай жасауға, ғылыми зертханаларды аккредиттеуге, оқу және зертханалық ғимараттарды дамыту және жаңғыртуға, оқу аудиториялары мен зертханаларды заманауи аппаратурамен және Интернет желісіне қосылған компьютерлік техникамен жабдықтауға жеткілікті қаржы бөлу арқылы қамтамасыз етіледі.

***Міндет 4.1.2:*** Компьютерлік парк және телекоммуникациялық жабдықтарды өсіру.

Бұл міндетті жүзеге асыру бар компьютерлік парк қызметінің қаржысын мақсатты пайдалану мониторингі, жаңа буын компьютерлер мен лицензиялық бағдарламаларды алу, Интернет желісіне кепілді кіру жылдамдығын арттыру.

***Міндет 4.1.3: Оқытуды және ғылыми зерттеулерді ақпараттандыру, Интернет-ресурстарды дамыту.***

Бұл міндетті табысты жүзеге асыру үшін келесі іс-шараларды атқару жалғасады:

- білім беру үдерісін автоматтандыру;
  - жаңа ақпараттық технологияларды, жоғары өнімді есептеулер, орталар мен ресурстарды қамтитын ғылыми жобалардың іске асырылуын бақылау;
  - кітапхана үдерістерін автоматтандыруды жетілдіру, әкімшілік және қосалқы үдерістерді автоматтандыру (электронды құжат айналымы, материалды-техникалық басқару, персоналды басқару, тұрғын үй, өтінімдер);
  - аппараттық құралдарды жаңарту;
  - отандық және шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен және басқа да ұйымдармен ақпараттық технологияларды енгізу және ғылыми-білім беру біріктірілген жобаларын дамыту туралы келісімшарттарға қол қою;
  - университеттің желілік ресурстары арқылы серіктес университеттердің электронды ғылыми кітапханаларына, электронды мәліметтер қорына, студенттер мен оқытушылардың ғылыми нәтижелерінің толық мәтінді дерекқорына, репозиторийдегі ғалымдардың ғылыми еңбектеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету;
  - Интернет-ресурстарды дамыту, Webometrics рейтингісінде университет сайтының жоғары орындарға қол жеткізу;
  - білім алушыларға «бір терезе» ұстанымы бойынша қызмет көрсетуге жағдай жасау;
- Сонымен қатар, арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттер ақпараттық-кітапханалық ресурстармен қамтамасыз етіледі.

***Стратегиялық бағыт 4.***

***Инфрақұрылым мен материалды-техникалық базаны дамыту бойынша күтілетін нәтижелер.***

- Аудиторлық қор ауқымының студенттердің жалпы санымен арақатынасы: 2018 ж. – 4,2 м<sup>2</sup>; 2019 ж. – 4,2 м<sup>2</sup>; 2020 ж. – 4,2 м<sup>2</sup>;
- Баспана қажет ететіндердің жалпы санынан жатақханамен қамтамасыз етілген студенттердің үлесі: 2018 ж. – 53%; 2019 ж. – 62%; 2020 ж. – 62%;
- Аккредиттелген ғылыми лабораториялардың саны: 2018 ж. – 2 бірлік; 2019 ж. – 2 бірлік; 2020 ж. – 2 бірлік.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясының мазмұнын қорыта келгенде, болашақта стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру университетте *зерттеулер жүргізуді және үздік білім алуды, өз әрекеті үшін мемлекет пен қоғам алдында жауапты, экономиканың басым бағытты саласын дамыту үшін кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін еуразиялық аймақтағы жетекші ғылыми және білім беру орталығы* ретінде қалыптасуын қамтамасыз ететінін атап өткен жөн.

Стратегияны жүзеге асырудың маңызды нәтижесі университетте білім беру және зерттеу қызметтері үшін қолайлы орта, технологиялық инфрақұрылым және тиімді механизмдерді дамыту мен қалыптастыру болып табылады. Бұл орта келесілерге бағытталған:

– 2016-2019 жылдарға Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық мақсаттарына сәйкес сапалы білім беруге қол жеткізуді қамтамасыз ету;

– ИИДМБ-ында анықталған салалардағы іргелі ғылымдар мен қолданбалы зерттеулер мәселелерін шешу;

– ЕҰУ-нің мемлекеттің стратегиялық міндеттерін іске асыратын ұлттық зерттеу университеті ретінде дамуы.

Біз Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің істері мен нәтижелерінен Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» бағдарламалық құжатында көрсетілген дамудың мемлекеттік стратегиясының барлық маңызды идеялары мен ойларын өз қызметінде жүзеге асыруға қабілетті зияткерлік әлеуетті көреміз.